

Балаларға арналған Киелі кітап
ұсынады

Адамзат қасіретінің
басталуы



Мәтінін жазған: Edward Hughes

**Суретін салған: Byron Unger; Lazarus
Alastair Paterson**

Бейімдеген: M. Maillot; Tammy S.

Қазақ тіліне аударған: Christian Lingua

**Шығарушы: Bible for Children
www.M1914.org**

©2020 Bible for Children, Inc.

**Лицензия: сатуға тиым салынған, көшірме жасауға
немесе басып шығаруға рұқсат етілген.**



**Құдай барлығын жаратты. Құдай
Адам атаны жаратқаннан кейін, ол
әйелі Хауа анамен бірге Едем бағында
өмір сүрді. Олар Құдайды тыңдап,**

Құдайдың аясында


бақытты күн

кешіп жатты.

Өкінішке

орай, бір

күні ...



**"Құдай сендерге
бақтағы ешбір
ағаштың жемісін
жемендер деп
айтты ма?" деп
жылан Хауа
анаға сұрақ
қойды.**





**Әйел жыланға:
"Бізге бір ағаштан
басқа бақтағы
барлық ағаштардың
жемісін жеуге болады.
Егер біз оны жесек
немесе оған тисек
өлеміз" - деп жауап
берді. Жылан: "Сендер
өлмейсіңдер," - деді.**





**"Сендер
Құдай сияқты
боласыздар."
Хауа ана сол
ағаштың жемісін
жегісі келіп кетті.
Ол жыланды
тыңдап, тиым
салынған
ағаштың жемісін
жеді.**



Хауа ана Құдайдың айтқанын тыңдамай, сол жемісті Адамға да жегізді. Адам: "Жок! Мен Құдайдың Сөзіне қарсы келмеймін" - деп айтуы керек еді.





**Адам ата
мен Хауа ана күнә жасағаннан
кейін, екеуі өздерінің жалаңаш екенін
білді. Инжір ағашының жапырақтарынан
алжапқыш жасап алып, бақтағы ағаштардың
арасына Құдайдан жасырынып қалды.**



Кешкі қоңыр салқында
Құдай баққа келді. Ол Адам
ата мен Хауа ананың не
істегенін білді. Адам ата Хауа
ананы кінәлады. Хауа ана
жыланды кінәлады. Сонда
Құдай: "Жыланды қарғыс
атқан. Әйел балаларын
қиналып босанатын
болады," - деді.



"Адам, сенің кесіріңнен жердің топырағын қарғыс атты. Жерге тікенектер мен ошағандар қаулады. Жейтін наныңды маңдай теріңді төгіп жүріп табатын боласың."



Құдай Адам ата мен Хауа
ананы пейіш бағынан
қуып жіберді. Олар күнә
жасағандықтан,
өмір беретін
Құдайдан
аластатылды.





Олар баққа қайтып келмесін деп, Құдай от шашып, жарқылдап тұрған семсерді қойды. Құдай Адам ата мен Хауа анаға жануарлардың терісінен киімдер жасап берді. Құдай теріні қайдан алды?




Біраз уақыт өткеннен кейін Адам ата мен Хауа ананың балалары туылды. Олардың бірінші ұлдары, Қабыл, егінші болды. Екінші ұлдары, Әбіл, мал бағушы болды.



Бір күні Қабыл Құдайға арнап біраз көкөністер алып келді. Ал Әбіл Құдайға малының ең жақсысын тарту етті. Құдай Әбілдің сыйына риза болды.



Құдай Қабылдың ұсынған тартуына риза болмады. Бұған Қабыл қатты ашуланды. Бірақ Құдай Қабылға: "Егер сен дұрыс істесең, қабылданбас па едің?" - деді.



**Қабылдың ашуы басылмады.
Біраз уақыт өткеннен кейін,
ол далада Әбілді бас салып,
ұрып өлтірді.**




Құдай Қабылдан: "Інің Әбіл қайда?" - деп сұрады. Қабыл білмеймін деп өтірік айтты. "Мен інімнің күзетшісі ме едім?" Құдай Қабылды жазалады. Оның егіншілік қабілетін алып қойып, оны тұрағы жоқ кезбеге айналдырды.



**Қабыл Жаратқан Иенің көз
алдынан кетіп қалды. Ол Адам
ата мен Хауа ананың қызына
үйленіп, отбасын құрды.**



**Көп уақыт өтпей, Қабылдың өзі
тұрғызған қаласын немерелері
мен шөберелері толтырды.**



Адам ата мен Хауа ананың жанұясы да тез көбейді. Сол кездері адамдар бүгінгімен салыстырғанда өте ұзақ өмір сүретін.



**Сет туылғанда Хауа ана былай деді: "Құдай маған
Әбілдің орнына басқа бір ұрпақ сыйлады."**

**Сет Құдайды терең қастерледі. Ол 912
жыл өмір сүріп, көптеген ұл-қыздарға
әке болды.**



Жер бетіндегі адамдардың жүрегі
зұлымдыққа толып кетті. Ақыры,
Құдай адамзатты құртуға шешім
қабылдады. Сондай-ақ ...



... барлық жануарлар мен құстарды да
құртуға бел байлады. Ол адамдарды
жаратқанына қатты қайғырды.
Құдайдың рақымына тек
бір адам ғана
ие болды ...



**Бұл адам Нұх болатын. Сеттің
ұрпағы, Нұх әділ де кінәратсыз,
Құдаймен тығыз байланыста
жүрген адам еді.**



**Ол, сондай—ақ, өзінің үш
ұлына Құдайға мойынсұну керек
екенін үйретті. Құдай Нұхты өте
таңғаларлық және ерекше жолмен
қолданбақшы
болды.**



Адамзат қасіретінің басталуы

Құдайдың Сөзінен, Киелі кітаптан әңгіме

табылады

Жаратылыстың басталуы 3-6

"Мәнісі ашылғанда сөздерің нұрын шашады."

Забур 119:130



СОЏЫ



Киелі Кітаптағы бұл әңгіме бізді
жаратқан әрі Оны білгенімізді қалайтын
тамаша Құдайымыз жайында баяндайды.

Құдай біздің жаман істер істегенімізді біледі.
Ол мұны күнә деп атайды. Күнәнің жазасы - өлім.

Құдай бізді сондай қатты сүйгендіктен, Өзінің жалғыз Ұлын,
Исаны айқыш ағашта өліп, біздің құнымызды өтеу үшін жіберді.
Иса қайта тіріліп, көкке көтеріліп кетті. Енді Құдай біздің
күнәларымызды кешіре алады.

Егер сен күнәларыңнан арылғың келсе,
Құдайға былай де: Көктегі Құдай, Исаның мен үшін өліп,
қайта тірілгеніне сенемін. Мен енді жаңа өмірге ие болып,
кейін Сенімен мәңгі бірге болуым үшін менің өміріме келе гөр,
менің күнәларымды кешіре гөр. Сенің балаң болып, Сен үшін
өмір сүруіме көмектесе гөр. Аумин. Жохан 3:16

Киелі Кітапты күнделікті оқып, Құдаймен тілдес.

